

## **ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ МАҚАЛ – МӘТЕЛДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ**

### **Резюме**

В данной статье рассматривается

### **Resume**

Ауыз әдебиеті – халқымыздың асыл да мол мұрасы, қымбат қазынасы. Ауыз әдебиеті – талай ғасырлар жемісі. Халық жыраулары, жыршылары, ертектілері сонау заманнан рухани асыл қазына ретінде сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп бүгінгі біздің күнімізге жеткізген.

Халық ауыз әдебиеті, әр түрлі жанрда дамыған. Халық ауыз әдебиетінің бірнеше түрі бар. Олар:

- Тұрмыс – салт жырлары
- Мақал-мәтелдер, жұмбақтар
- Ертегілер
- Эпостық жырлар
- Лиро-эпостық жырлар
- Айтыс өлеңдері
- Тарихи жырлар
- Шешендік сөздер

Ауыз әдебиеті де, жазба әдебиеті де көркем туынды. Бірақ ауыз әдебиетінің өзіне тән айырмашылықтары бар. Ең алдымен ауыз әдебиеті кейінгі дәуірге ауызша жеткен белгілі бір нақты авторы жоқ. Бұл ақын – жыраулардың, ертегішілердің өнеріне, дарынына, дүниетанымына қарай түрлі өзгерістерге ұшыраған. Дүниені көркемдік әдіспен бейнелеуде күрделі жанрлық ерекшелігі мен дараланатыны да және философиялық мазмұнның тереңдігі жағынан шағын жанрлардың ішіндегі шоқтығы биігі де – мақалдар мен мәтелдер. Мақал - мәтелдер – ғасырлар шежіресі, ауыз әдебиеті түрінің бірі, шешендік өнердің бір үлгісі.

Мақал-мәтелдер – халық даналығының қазына байлығы. Олар ғасырлар бойы қалыптасып, сол халықпен мәңгі бақи бірге жасап, біте қайнасып кеткен дүние. Сондықтан да оны жұртшылық жадына сақтап, өзінің күнделікті өмірінде, өзара қарым-қатынасында кеңінен пайдаланады.

Мақал мен мәтелге бай халықтың бірі – қазақ халқы. Қазақ халқының мақал-мәтелдерінің шығу тегі жөнінде айтар болсақ, А. Байтұрсынұлы: «Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызы шыны келеді. Мәтел дегеніміз кезіне келгенде кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады» [1;129-130 б.б.],-деп көрсеткен болатын. Демек, мақалда тұрмыста қолданылып жүрген сөздеріміз шындықпен астасып келіп, мақалдап, шешен тілмен айтылатын сөздер болса, ал мәтелді тұрмыста пайдаланып жүрген, кесегімен айтылатын сөздердің қатарына жатқызуға болады. Мақал-мәтелде халық тарихы, оның әлеуметтік тіршілігі, ақыл-өнегесі мол көрініс тапқан. Олар – қолдану әдісі мен аясына қарай, мазмұн мен мәні жағынан сан – саққа құбылып отыратын көне де күрделі жанр. Мақалдар мен мәтелдердің дүниетанымдық табиғатының күрделілігі оның көнелігі мен қолдану аясының кеңдігінде ғана емес, мыңдаған ұрпақтардың ми қазанында құрыштай шыныққан ой-өрісінің биіктігіне, тәжірибе тезінен сұрыпталып өткен сұлу мүсіні мен ой маржандарының тазалығында жатыр.

Ғасырлар шежіресі болып табылатын мақалдар ой тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді. Онда өмірдің сан алуан құбылыстарына баға беріліп, үлкен түйін жасалады. Халық даналығы үлкен ойды аядай қалыпқа сыйғызып, асқан шеберлікпен танытқан. «Көп сөз-көмір, аз сөз-алтын» дегендей, мақал-мәтелдің өн бойынан поэзияға тән жинақылық, үнділік, саздылық, ұйқас, ырғақты кездестіреміз. Онда басы артық бір сөз болмайды. Барлығы өз орнында. Сондықтан да тереңнен мақалдар толғап ой қорытудың ерекше бір формасы ретінде көрініс т а а б а д ы .

Мақалдар кейде тікелей емес, ауыспалы, астарлы мағыналарда да көрінеді. Сөз мәйегі болып табылатын мақал – сөз атасы. Оның өн бойынан көркем прозаға, поэзияға тән ырғақ, интонациялық үйлесімділікті көреміз. Өйткені, негізінен мақалдар мен мәтелдер дыбыс үндестігі негізінде өмірге келген. Мақал-мәтелдерде ой кейіптеу, теңеу арқылы жақсы беріледі. Мақал - мәтелдердің өзара айырмашылығы негізінен ой түйіндеу, құрылысы жағынан байқалады. Мақалда бір-бірімен қарама-қарсы ұғымдар мен нәрселерді салыстыру арқылы ой - пікірді айқындай түсу басым келеді. Мақал шендестіруге құралады, дәлелдеу мен қорытынды пікір бірдей жүріп отырады. Ал мәтелде бар мағына үнемі ашық бола бермейді, қорытынды пікір, дәлелдеу жоқ болады. Мақал-мәтелдердің тақырыптары әр алуан. Ол халықтың әлеуметтік, шаруашылық, рухани өмірін түгел қамтиды. Негізгі тақырыбы: еңбек пен ерлік, достық пен қастық, ақыл мен өнер-білім, ынтымақ пен бірлік, отан

туралы болып келеді. Мақал-мәтелдердің тура және ауыспалы мағынасы болады. Кейбір мақал-мәтелдерде ауыспалы мағына жоқ, кейбіреуінде тура мағынасынан гөрі жанама мағынасы басым. Мақал-мәтелдерді қолданып оқыту студенттерге тіл ерекшеліктерін, оның қыры мен сырын түсіндірумен қатар адамгершілікке баулу жақтарын үйретіп, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық, бауырмалдық сияқты асыл қасиеттерге негіделеді.

Шетелдік студенттердің сөздік қорын молайту жөнінде оларды дұрыс сөйлеуге үйрету жолында өзімнің іс-тәжірибеме сүйене отырып, сабақта мынадай тәсілдер пайдаланамын.

- Мақалдың мазмұны бойынша жұмыс.
- Мақалдарды сөйлеу әрекетінде қолдану.
- Сөздік жұмыс (әңгімелеу, салыстыру, қайталау, сұрақ-жауап, т.б.).
- Мақал-мәтелдер ойыны (әр түрлі тапсырмалар бойынша)

Студенттің сөздік қорын молайту, жаңа сөздерді меңгеруде шешуші роль атқаратын жұмыстың бірі-сөздік жұмысы. Осы сөздік жұмысты жүргізуде, бекітуде, оны практикалық қолдана білуде ойынның атқаратын ролі ерекше.

Алдымен мақалдарды өзім оқып, содан соң студенттерге қайталатамын. Түсіндіру кезінде алдымен кейбір сөздерінің мазмұнын синониммен түсіндіруге болады. Мақалдың мағынасын ашу кейде қиындық туғызады. Сондықтан жаңа сөздерді түсіндіру үшін сөздікпен жұмыс жасауға тура келеді.

Мақал-мәтелдер студенттерге тәлімді тәрбие беріп, сөздік қорларын толықтыруда теңдесі жоқ үлкен қызмет атқарады. Өйткені, тағы да қайталып айтар болсақ, мақал – сөздің мәйегі. Мәйек – ұйытқысы, яғни қысқа да нұсқа айтылатын сөз, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, сөздің сөлі. Мақал бейнелі сөз, тілі ұста, құрылысы тұрақты сөйлем. Сондықтан да ол жаттауға, есте сақтауға, пайдалануға оңай. Өйткені, қазақ мақалдарының құрылымы қысқа, өлеңге жуық, онда ұйқас бар, дыбыс үндестігі бар.

Мен өз сабақтарымда студенттердің тілін дамыту мақсатында мақал-мәтелдер арқылы бірнеше жұмыс түрлері мен ойын тәсілдерін тапсырмалар арқылы қолданамын: Мәселен: «Қазақ әдебиетімен танысайық!» атты оқу құралындағы мына тапсырма бойынша жұмыстар орындаудан бастасақ [2;10 б.].

*Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңіз.*

*Мақал-мәтелдерді тақырыптарға топтастырып көріңіз.*

*Мақал-мәтелдердің ішінен антонимдерді табыңыз.*

*Бұл мақал-мәтелдерді қандай жағдайларда қолданар едіңіз?*

*Өз елдеріңізде мағыналас мақал-мәтелдер бар ма?*

*Сізге қай мақал-мәтел ұнайды, себебін түсіндіріңіз.*

Ашу – дұшпан, ақыл – дос.

«Жақсыдан шарапат, жаманнан кесапат».

Ауыз әдебиетінде мақалды жалғастыр ойынын интерактивті түрде өткізу студенттердің мақалдарды есте сақтап қалу қабілетін күшейтеді. Мысал ретінде мына мақалдарды алуға болады.

Өнер алды- .....

Көп түкірсе .....

Елдің көзі .....

Ер қанаты .....

**Керекті сөздер:** ат, елу, қызыл тіл, көл. Осы мақалдарды ребус түрінде де беруге болады.

Егер топта 6-8 студент болса, оларды 2 студенттен біріктіріп отырғызып, оларды «**Мақал, қуаласпақ**» атты ойынмен таныстырып, ойнатуға болады. **Ойынның шарты** 1-топ мақалды бастаса, 2-топ жалғастырады. 3-топ осы мақалдардың мағынасын түсіндіруі керек. Мысалы: Оқусыз білім жоқ, Білімсіз күнің жоқ.

**1-тапсырма. Тест үлгісіндегі мақалды қажетті сөзбен аяқтаңыз.**

**1. Ер дәулеті – ..... басынан басталады.**

А. тыныштық                      Б. кітап                      Ә. денсаулық                      В. еңбек

**2. Жері байдың - ..... бай.**

А. тасы                      Ә. көлі                      Б. елі                      В. өзі

**3. Оқу инемен ..... қазғандай.**

А. арық                      Ә. ор                      Б. құдық                      В. жер

**2-тапсырма. Бірінші бағанмен екінші бағанды сәйкестендіріп, мақалды қалпына келтіріңіз.**

Адам деген ардақты – .....	анасы
Адам тастай берік, гүлдей .....	ат
Отан елдің – .....	нәзік
Ата өнері балаға .....	ашық
Өнерліге есік .....	құс
Отансыз адам, армансыз .....	мұра

**3-тапсырма. Мақал-мәтелдерді оқыңыздар, аударыңыздар, мағынасын түсіндіріңіз.**

Дос сыртыңнан мақтар,

Дұшпан көзіңе мақтар.

Тіл – қылыштан өткір

Ұстаздан шәкірт озар

**4-тапсырма. Мақалды құрастыру.** Бірнеше мақалды алып, әр сөзді

жеке-жеке үлестірме қағазға жазып, конвертпен студенттерге таратамын. Олар үлестірме қағаздағы сөздермен мақал құрастырады.

**Үлгі:** Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада.

1. Қонақ, риза болады, қабағыңа, асыңа риза болмайды.

2. Ұяда, соны іледі, ұшқанда, нені көрсе.

3. Қына, басқа бітеді, тасқа бітеді, білім.

4. Мал, оның, көл көсір, Өнімі, өсірсең қой өсір.

**5-тапсырма.** «Мақал-мәтелдер ойыны». **Шарты:** Оқытушы мақалды бастайды, студенттер аяқтайды.

Білім қымбат,....., Оқу..... құдық қазғандай, Ағайын тату болса....., абысын тату болса....., ..... өссе жердің көркі, ..... өссе, елдің көркі. Сыйласаң, .....

**Керекті сөздер:** Қыз, инемен, ас көп, білу қиын, ат көп, сый көресің, Гүл,

**Бірінші ойын:** «Кім жылдам?».

**Шарты:** Екі топқа он мақал, он мәтел шашырап қиылып беріледі. Әр топ сөздерден жылдам мақал құрастырып оқуы қажет.

**Екінші ойын:** «Мақалдың тақырыбын анықта».

**Шарты:** Екі топқа бірдей сурет беріліп, соған байланысты мақал-мәтелдер оқылады. Студенттер берілген суреттердің тақырыбын анықтаулары керек.

**Үшінші ойын:** Қайсысы мақал, қайсысы мәтел?

1-топқа: 1. Біреу тоңып секіреді, біреу тойып секіреді. 2. Оқу инемен құдық қазғандай. 3. Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл. 4. Жауға жаныңды берсең де, сырыңды берме.

Жоғарыда жоба жұмысында көрсетілген мақал-мәтелдердің әр түрлі тақырыпта ойын элементтері арқылы берілгенін байқағандай, осындай элементтерді пайдалана отырып, студенттердің ауызекі сөйлеу дағдыларын дамытуға мұғалім үшін өте тиімді - деп ойлаймын.

Қорыта айтқанда, жаңа ақпараттық технологияларды қазақ әдебиеті сабағында қолдану келесі нәтижелерге жеткізеді:

1. Студенттерге еркін ойлауға мүмкіндік береді;

2. Тіл байлығын дамытады;

3. Өз ойын жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді;

4. Шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді.

5. Өз бетімен білім алатын, ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады.

**Пайдаланылған әдебиет:**

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеулер мен өлеңдер. Алматы, «Атамұра» 2003.

2. Мұсаева Г.Ә, Ешимов М.П. Қазақ әдебиетімен танысайық!  
Шетелден келген студенттерге арналған оқу құралы. Алматы, «Қазақ  
университеті» 2007.